

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі

№ 7 хаттама 29.08 2024ж



АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2024

1. Жалпы ережелер

1.1 Қызылорда «Болашақ» университетінің Академиялық адалдық ережесі (әрі қарай – ереже) ҚР «Білім туралы» Заңына негізделіп отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ережелеріне, Қызылорда «Болашақ» университетінің оқытушы-профессорлар құрамының және қызметкерлерінің корпоративтік этика кодексіне, университет қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережесіне, университеттің білім алушылары мен магистранттарының ар-намыс кодексіне оқу орнының қызметін реттеуге арналған нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

1.2 Ереже университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлері және білім алушылары арасында академиялық адалдық саясатын қалыптастырудың және оны жүзеге асырудың негізгі ұғым-түсініктері мен форматын айқындайды.

1.3 Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінде академиялық адалдықты ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, сондай-ақ академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алу шараларын реттеуге, басқаруға негіз болады және ережеде академиялық адалдық саясатын жүзеге асыру мен академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алудың негізгі іс-шаралары қамтылған.

2. Академиялық адалдық қағидаттары

2.1 Академиялық адалдық – бұл оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылар мен әкімшіліктің (бұдан әрі-білім беру үдерісіне қатысушылар) академиялық ортадағы құндылықтарының, қағидаттарының, мінез-құлқы қағидаларының (бұдан әрі-білім беру үдерісіне қатысушылар) жиынтығы: оқытудағы, зерттеулердегі және жұмыстың басқа түрлеріндегі адалдық, өз ұстанымын білдіру, білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы.

Академиялық адалдық–бұл университет қоғамдастығының әрбір мүшесінің мінез-құлқын анықтайтын, алдау мен плагиаттан аулақ болу, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардағы адалдық пен қағидаттылық сияқты принциптерді қамтитын моральдық-адамгершілік нормалардың, қағидаттар мен құндылықтардың жиынтығы.

2.2 Білім беру үдерісінде қатысушылардың академиялық адалдығының негізгі қағидаттарына төмендегідей қасиеттер жатады:

- Адалдық–білім алушылардың өздеріне берілген бағаланатын және баға қойылмайтын тапсырмаларды адал, әрі мұқият орындауы;

-Ашықтық–білім алушылар мен оқытушылар арасындағы айқындылық, өзара сенім, ашық түрде ақпаратпен идея алмасу;

- Білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу – білім алушылардың пікір білдіруі мен ой еркіндігінің сақталуы;

-Теңдік–әрбір білім алушы академиялық адалдық ережелерін сақтауды және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілікке тартылуы.

3. Академиялық адалдықтың мақсаты мен міндеттері

3.1. Академиялық адалдықтың саяси мақсаты – білім алушыларға, университет қызметкерлері мен ПОҚ-қа адалдықты тнсінуді қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынастар, сондай-ақ адалдықты дамытуға жауапкершілікті орнату

Академиялық адалдық Қазақстандағы жоғары білім беру сапасын әлемдік стандарттарға сай жетілдіру, оның бәсекеге қабілеттілігі мен қажеттілігін арттыру. Оқытушылар мен білім алушылар арасында алаяқтық әрекеттердің өріс алуы (көшіріп алу, плагиат) білікті маман даярлауға, қажетті білім мен дағдыны қалыптастыруға кедергі келтіреді және білім сапасын төмендетеді.

3.2. Академиялық адалдық саясатын енгізу міндеттеріне мыналар

- Білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ) арасында академиялық алаяқтық фактілерінің алдын алу және оларды жою;
- Білім алушылар мен ОПҚ арасында плагиатқа төзбеу, плагиаризмге қарсы күресу қасиеттерін қалыптастыру;
- Білім алушылар арасында академиялық адалдықты дамыту мақсатында үздіксіз жұмыстар жүргізу;
- Жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламаларын жүзеге асыру.

3.3. Университеттің әрбір мүшесі академиялық адалдық ережелерін мүлтіксіз сақтауға міндетті, сол арқылы академиялық адалдықты бұзушылықты болдырмаудың алдын алады.

4. Академиялық адалдықты бұзу түрлері

4.1. Академиялық алдау (алаяқтық) – ғылыми және білім беру қызметін жүзеге асыру барысында орындалатын кез-келген алдау, арбау және бұрмалау әрекеттері.

4.2. Ережеде академиялық адалдықты бұзушылыққа келесі әрекеттер жатады:

- **Көшіру.** Білім алушылардың аудиториялық бақылау жұмыстарын орындау кезінде (емтихан және міндетті аттестациялық шаралар кезінде) тыйым салынған кез-келген жазбаша материалдарды (басылған, қолжазба), ғылыми деректерді, құрылғыларды заңсыз пайдалану және тарату, бағаланатын жұмыстың кез-келген жауабын заңсыз жолмен иемдену, рұқсат етілмеген жасырын бейне немесе аудиожазбаны пайдалану.

- **Плагиат.** Басқа адамның немесе ғылыми ұжымның ғылыми еңбегін өз еңбегі ретінде ұсыну, сондай-ақ біреудің еңбегін авторлық анықтамалар мен дереккөздерге сілтеме жасамай толықтай немесе жартылай көшіріп, өз атынан жариялау.

- **Екі қайтара тапсыру.** Екі қайтара тапсыруға аралық бақылау кезінде немесе басқа да бақылау жұмыстарды және СӨЖ (студенттердің өзіндік жұмысын) орындау барысында бір жазба жұмысының мәтінін студенттердің

екі мәрте көшіріп, екі түрлі жұмыстың жауабы ретінде тапсыруы жатады. Оқытушы тарапынан бір ауқымды мәтінді екі бөліп тапсыруға рұқсат етілген жағдайда, ол екі қайтара тапсырылмайды.

- **Келісіп алу, құпия келісім.** Екі немесе одан да көп адамдардың өзгелерді алдау мақсатында құпия келісімге келуі.

- **Бағаны бұрмалау.** Бағаның бұрмалануына мыналар жатады:

- бағаны, қорытынды бағаларды бұрмалау, өзгерту;

- мәліметтерді бұрмалау – ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау барысында қолданылған сауалнама, сұхбат және басқа да әдістердің өлшемдері мен нәтижелерін бұрмалау;

- бөгде тұлғаның орнына қол қою, анықтамаларды қолдан жасау, мәліметтерді бұрмалау, басқа да есеп қорытындылары мен құжаттарды өзгерту.

- **Емтихандағы әділетсіздік.** Емтихан тапсыру кезінде кез-келген рұқсат етілмеген көмекші құралдарды пайдалану/беру (электрондық, қағаз немесе кез келген басқа тасымалдағыштардағы ақпарат), білім алушылардың коммуникацияның кез-келген нысандарының көмегімен (ауызша, жазбаша, электрондық немесе кез-келген басқа түрдегі) ақпаратты бір-біріне пайдалануы/беруі, басқаның жұмысынан көшіру, емтихан нәтижелерін жақсарту мақсатында көмек алу/көрсету, емтихан сұрақтары мен тапсырмаларына рұқсат етілмейтін қолжетімділікті алу/беру, қалаған бағаны алу мақсатында емтихан жұмысы туралы мәліметтерді емтихан комиссиясының мүшелеріне беру және нақты білім алушыда қалыптасқан нақты оқу нәтижелерін объективті бағалауға кедергі жасау мақсатындағы кез келген басқа да әрекеттер.

Академиялық адалдықты бұзушылық әрекеттердің қатары мұнымен шектелмейді, қажет болған жағдайда толықтырылып отырады. Білім алушылардың артық бағалануына және басқа білім алушылардың әділетсіз бағалануына ықпал ететін кез-келген әрекет академиялық адалдықты бұзушылыққа жатады.

5. Академиялық адалдық саясатын бұзушылыққа қарсы қолданылатын жазалар мен тәртіп шаралары

5.1. Кез-келген білімді бақылау формалары мен түрлерін жүзеге асыру барысында, оның ішінде аралық аттестаттау, ағымдық бақылау және мемлекеттік қорытынды аттестаттау кезінде білім алушылар академиялық адалдық нормаларын бұзған жағдайда университеттің ішкі Ережелеріне сәйкес келесі шаралар қолданылады:

- ескерту беру;

- сөгіс, қатаң сөгіс жариялау;

- оқудан шығару.

5.2. Кез-келген жағдайда білім алушы тарапынан академиялық адалдықты бұзушылықты тіркеген оқытушы жоғары мектеп деканына баянат (рапорт) беруге міндетті.

5.3. Жоғары мектеп деканы өтінішті қарауға және этика бойынша талқылауды ұйымдастыруға міндетті.

5.4. Білім алушылар жіберетін академиялық адалдықтың барлық бұзушылықтары жоғары мектеп отырыстарында қаралады.

5.5. Жоғары мектеп деканының, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен басшыларының лайықсыз академиялық тәртібі туралы мәлімдемелерді проректорлар қарайды.

5.6. Университет тәртіп бұзушылықтың ауырлық дәрежесіне байланысты, білім алушыны оқудан шығаруға, оқытушымен немесе қызметкермен еңбек шартын бұзуға дейін қолданылатын тәртіптік жаза түрі туралы негізделген ұсыныс шығаруға уәкілетті.

5.7. Емтихан кезінде академиялық адалдықты қайталап бұзу білім алушыны университеттен шығаруға негіз болып табылады.

5.8. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін тәртіптік жаза университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

5.9. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін университеттен шығарылған білім алушылар Қызылорда «Болашақ» университетінің білім алушыларының контингентіне қайта қабылданбайды

5.10. Академиялық адалдық қағидалары мен қорытынды бақылауды өткізу ережелерінің талаптары туралы білім алушының хабардар болмауы тәртіптік жазаның күшін жоюдың негізі ретінде болуы мүмкін емес, өйткені академиялық адалдық қағидаларын білу және оларға шынайы берілу әрбір білім алушының негізгі міндеті болып табылады.

5.11. Лайықсыз академиялық мінез-құлқы себебінен еңбек шарты бұзылған оқытушылар мен қызметкерлер университетке қайтадан алынбайды.

6. Академиялық адалдық саясатын бұзушылықтың алдын алу шаралары

6.1. Білім алушыларды академиялық адалдыққа тәрбиелеу бойынша мақсатты түрде үздіксіз жұмыстар жүргізу:

- Білім алушыларды ғылыми сипаттағы зерттеу жұмыстарымен айналысуға баулу;

- Білім алушылардың бойында ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар ғылыми жұмыстарды орындау барысында академиялық адалдық пен ғылыми этикетті сақтауға үйрету, плагиаризм туралы түсініктерін қалыптастыру;

- Білім алушыларды жемқорлыққа қарсы күресуге тәрбиелеу, жоғары баға алу және өзге білім алушылардың алды болу мақсатында оқытушыларға, әкімшілікке пара ұсынбауға үйрету.

6.2. Білім алушылардың көшіруіне (тәртіп бұзуына) жол бермеу мақсатында емтиханның өту үдерісін мұқият бақылау.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректоры:



Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы:



А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика жоғары
мектебі деканы:



Д.Ж.Серкебаев


Бизнес, техника және технология
жоғары мектебі деканы:



М.Ә.Ембергенов

Құрастырған:

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және
стратегиялық талдау бөлімінің
басшысы:



А.М.Төлегенова